БЕКІТЕМІН:
«Дарын» ШҚ ДпҚББДҒӘО
директорының м.а.
_____ Е. Шимина
«___»_____2020 ж.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңін өткізу ережесі

I. Жалпы ережелер

1.Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңін (бұдан әрі – Конкурс) жыл сайын Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы (бұдан әрі – білім басқармасы) «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы (бұдан әрі – «Дарын» орталығы) өткізеді.

2. Конкурстың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық жұмыстарын ынталандыру;
- ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;
- облысымыздың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

3. Ғылыми жобалар Конкурсқа 16 секциядан тұратын 4 бағытта қатысады:

I бағыт «Ғылыми-техникалық прогресс, экономикалық өсудің негізгі буыны»

Секциялар: физика; техника; Жер және Космос туралы ғылымдар.

II бағыт «Экономикалық және әлеуметтік процесстердегі математикалық модельдеу»

Секциялар: математика; қолданбалы математика; информатика; экономика.

III бағыт «Таза табиғи орта – Қазақстан – 2030 стратегиясын іске асырудың негізі»

Секциялар: химия; биология; қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғау.

IV бағыт «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және болашақ дамуы бар саяхат маршруттары»

Секциялар: тарих, өлкетану, этномәдениеттану, тіл білімі, адам және қоғам, әдебиет.

4. Конкурс келесі кезеңдер бойынша өткізіледі:

1) бірінші кезең – мектепішілік, білім мекемелерінде қазан айының бірінші онкүндігінде өтеді;

2) екінші кезең – аудандық (қалалық) – 30 қазанға дейін өтеді;

3) үшінші кезең 1 тур – іріктеу (жобаларды алдын ала сараптау) – қараша айында өтеді;

4) үшінші кезең 2 тур – облыстық желтоқсан айының бірінші онкүндігінде қашықтықтан өтеді.